

## **ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНДЕ ЖЕРЛЕНГЕН ТОБЫЛ-ТОРҒАЙ ӨңІРІНІҢ Тұлғалары**

**Жақсылықова Нұрсұлу**, «Тарих мамандығы» 4 курс студенті  
Ғылыми жетекші: т.ғ.к., қауымдастырылған **Наурызбаева Э. К.**

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Сонау ықылым заманнан бастау алатын қарт Торғайдың қатпарлы тарихы қилы оқиғаға толы. Тектілерге мекен болған бұл байтақ өңірдің жылнамасы жалпы қазақ елінің тарихында айрықша орын алады. Қиындық пен күреске толы жылдар, сан алуан соқпақтар осы қасиетті даланың қасіретіне айналғаны тарихтан белгілі.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев қазақ халқының тәуелсіздікке қол жеткізуінің оңайға соқпағандығын ой елегінен өткізе келіп: «Тарихы тек тамырыңның тереңнен бастау алғанын танып түсіну ата-бабаның шапағаты мол шабытты істерін заңды мақтаныш ету тоталитарлы кезеңнің зардаптарынан арылу, сөйтіп тарихи сананы уақыт талабына сай қалпына келтіру, ұлттық тұтастануға тегеурінді серпін беруі тиіс», - дегенді [1, 56 б].

Қазақстан тарихының қай кезеңін бөліп қарастырсақта, қазақстанның киелі жерлері және оның рухани құндылықтарын зерттеп соңына жете алмаспыз. Сонымен қатар, киелі Түркістан жерінде орналасқан Қожа Ахмет Ясауи кесенесі және кесенеде жерленген Тобыл-Торғай өлкесінің тұлғалары туралы мәлімет алу қай адамды болмасын ойландырады сөзсіз.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі XIV ғасырдың соңында салынған ортағасырлық архитектуралық ғимарат. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі талай ғасырдан бері мұсылманшылдықтың алтын белгісі болып келеді. Оны бүкіл қазақ жұрты, түркі әлемі қадір тұтады. Бұл кесене әйгілі қолбасшы, бүкіл Шығысты дүркіреткен Ақсақ Темірдің әмірімен салынғаны белгілі. Ол Ахмет Ясауи қайтыс болғаннан кейін екі жүз жылдан кейін яғни 1370 жылы қирап қалған кішкене ғана мазардың орнына, дүниежүзілік сәулет өнерінің белгілі ескертікшіні орнатты [2, 59 б.].

2000 жылы рухани астанамыз – қасиетті Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО шеңберінде кеңінен аталып өтті. Халқымыз үшін ерекше белес болған осынау мерекеге дайындық барысында облыстық «Қостанай таңы» газетінің редакциясы «Тұмарымыз – Түркістан» атты арнайы айдар ашып, сол шаһардағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген бабаларымыз жайлы мақалалар кестесін жариялаған болатын. Атап айтсақ, Шақшақ Жәнібек, Қарабалуан Алдиярұлы, Мешітбай Сүгірұлы, Мерген Бабасұлы, Бекбаулы Өтейұлы, Әлібек Құдайбердіұлы, Шобан Жаманқұлұлы сияқты дуылғалы дала дарабоздары жөнінде жазылды. Кейін сол Әзірет-Сұлтан мемлекеттік мұражай қорығында Қанжығалы Айтбай батыр, Мадияр Жауғаштыұлының да мәңгілік тыныстағаны белгілі болды [3].

Қазақ елінің, қазақ жерінің тәуелсіздігі жолында қас дұшпанға қасқая қарсы тұрған сол даңқты бабаларымызды бүгінгі ұрпақ біле ме? Бұл орайда ойлануға тура келеді. Сондықтан да тарихи зердені қалыптастыруға себеп болып, ықпал ете ме деген ниет - осы даңқты тұлғаларымызды зерттеуге әкелді. Бұл ретте Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясындағы «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек» деген нұсқауы әлі де болса назардан тыс қалмады.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысы барысында Әзірет Сұлтан мемлекеттік мұражайында жерленген Тобыл-Торғай өңірінің 20-дан аса тұлғалары жерленгені белгілі. Олар: Шақшақ Жәнібек, Қырықмылтық Шобан Жаманқұлұлы, Қанжығалы Айтбай батыр, Қарабалуан Алдиярұлы, Мерген Бабасұлы, Сүгірұлы Мешітбай, Өтейұлы Бекбаулы, Әлібек Құдайбердіұлы, Мадияр Жауғаштыұлы, Баймырза батыр, Қойлыбай Малайұлы, Құлеке батыр Тәңірбердіұлы, Жарылқап батыр, Бәсентиын ханым бике, Қартқожа Жасыбайұлы, Кәрсон Таңыбай батыр, Бәйімбет батыр, Таңыбай батыр, Сейдалы батыр, Жандос батыр Олжайұлы, Атығай Бағыс Әжімбет би, Қарауыл Қанай би, Қаракесек Қараменді би, Серкеұлы Шыны би. Бірақ, бүгінгі бізге мәлім болған 9 тұлға [4, 149 б.]. Бірақ біздің зерттеу

жұмысымызда ол тізімді толықтырып, ол жайында жеке тоқталамыз.

Шақшақ Жәнібек – саясаткер, ол бүкіл қазақ халқының біртұтастығы үшін күресті. Ол жоңғар шапқыншылығы кезінде қол бастады. Жәнібек 40 жасына дейін соғыс істеріне тікелей араласып, өзінің ақыл парасатының, ер жүректілігінің арқасында ақылды басшы, жаужүрек батыр, әділ би атанды. Жәнібектің батырлық, саясаткерлік, дипломатиялық істерін жемісті жүргізуінің арқасында 1743 жылы II Елизавета Петрованың жарлығымен Жәнібекке I дәрежелі Тархан атағы беріледі. Бұл ол кісінің өз еңбегінің жемісі деп қарауымыз керек. Жәнібек 1752 жылы жазғытұрым кезінде қайтыс болып, үш жүздің шешімімен Түркістандағы Ахмет Ясауидың кесенесіне жеткізіп жерленеді [6, 215 б.].

Шобан Жаманқұлұлы – жерленгені туралы мәлімет кейіннен белгілі бола бастады. Елімізді қорғаған бабаларымыз туралы кесенеде нақты мәлімет бар. Ал Шобан батыр сол елімізді қорғаған Жәнібек батырдың қол бастаушысы болған. Ал жол бастаушы деген кім? Қазақтың мына кең даласында адаспай жол тауып жүру, айсыз қараңғы түнде өте қиын. Сол кезде өзіміздің бабамыз Жәнібектің қол бастаушысы Шобан болған. Көк таста да солай жазылған. Шобан өзі қоныс тепкен Шобанкөл көлінің жанында қайтыс болған. Ол қайтыс болған соң, оны киіз, оның сыртынан былғарымен орап, жыл мезгілі қолайлы уақытқа дейін сақтап, Түркістанға апарып, сыртқы киімдерін шешіп, аһиретке қараса, ешқандай дақ түспеген. Осылайша осы жерге жерленеді [2, 85 б.].

Қанжығалы Айтбай батыр – Сарыкөл өңірін мекендеген Қанжығалы руынан шыққан. Белгілі жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыста Айтбай батыр қатыспаған соғыс кемде-кем. Ол 1740 жылғы соғыста өзінің ерлігімен көзге түсіп, халқының сүйіспеншілігіне ие болған. Батыр бабамыз 1770 жылы болған қақтығысқа да қатысып, қырғыз еліне де барған. Айтбай батыр еліміздің қай өңірінде болмасын қазақтың жері үшін шайқастарға қатысқан, ел намысын ерекше бағалаған жан. Айтбай батыр қалмақтармен соғысып қана қоймай, ел шекарасын бекітуге де үлес қосқан. Хан Абылай орыс патшасымен келісімге келсе де, орыс жағы қазақтардың жерін тартып алып, қоныстануын тоқтатпаған. Соған орай Абылай хан еліміздің солтүстік өңірінен Айтбай батырға жер беріп, қоныстандырған. Ондағы мақсат қазақтың жерін орыстардан қорғау еді. Ол орыстармен келіссөз жүргізіп, озбырлыққа жол бермеген. Ол жер кейін Ақсиыр деп аталып кеткен. Ақсиыр маңында тұратын 84 жасқа келген Малшы есімді ақсақал Айтбай батырдың қыстауының орны осы күнге дейін сақталғанын айтады. Тек 2009 жылы 11 қараша күні ғана Ғылыми сараптама нәтижесінде Айтбай батыр Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленгендер тізіміне енгізіледі [2, 85 б.].

Мадияр Жауғаштыұлы – Міржақып Дулатұлының жетінші атасы, бұл тұлға туралы түйінді сөздер әлі айтыла қойған жоқ. Ол Қаратау жерінде дүниеге келген, бірақ 1723 жылы «Ақтабан шұбырынды» кезінде Ұлытауға қоныс аударып, одан кейін Торғай өңіріне көшіп келіп, өмірінің соңына дейін Сарықопа, Қызбел бойын тұрақты мекен етеді. Батыр қалмақтардан елін, жерін қорғаған. Ол 1726 жылы Ордабасыда үш жүздің бас қосқан жиынына қатысқан, 1735 жылы қартайып, өз ажалынан қайтыс болады. Ол кісінің денесін қасиетті Түркістанға інісінің баласы Қарабалуан Алдиярұлы апарып жерлеген. Қасиетті Түркістанда Ясауи кесенесі қабырғасында жерленген Қарабалуан Алдиярұлы, Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы, Мешітбай Сүгірұлы, Мерген Бабасұлы, Бекбаулы Өтейұлы – бәрі де Мадияр бидің туыстары, немере балалары. Бабамыз кейінгі ұрпағына 10 атадан ары болмаса, беріден қыз алыспау өсиет еткен [1, 96 б.].

Қарабалуан Алдиярұлы – орта жүзде бұл тұлғаның азаттық үшін күресін, ел басқарған әділ билігін, қол бастаған батырлығын білмейтін қазақ жоқ десе болады. Шын аты Жанұзақ Алдиярұлы, Арғын тайпасының тоқал арғын атанған атасының ұрпағы. Қарабалуан көпжылдық соғыста қажыған халқының жағдайын түзеп, ел арасында тыныштық орнатумен айналысады. Қарабалуан Алдиярұлы 1749 жылы Обаған өзенінің бойында қайтыс болған. Қарабалуанның денесін інісі Жәнібек Қошқарұлы Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне апарып жерлеген. Бұл жерге қазақ елінің ұлы адамдарын, хандарын, сұлтандарын, батырларын, діни ғалымдарын жерлеу дәстүрі XII-XIII ғасырларда басталып, 1884 жылы Ресей әскери министрлігінің бұйрығымен тоқтатылған [2, 98 б.].

Теңізбай Бабасұлы – қол мерген атқыштық қасиетіне байланысты «Мерген батыр» деп атап кеткен. Торғай және Тобыл арасын жайлаған. Кезінде Торғай облысының әкімі болған Жақан Қосабаев өзінің өлке тарихына арналған «Атамекен ақиқаты» атты еңбегінде – «Мерген батыр – Торғай өңіріндегі Тоқал арғынның әйдерке атанасынан шыққан атақты Бабас бидің бәйбшесінен туған тұңғышы» деп жазған. Мергеннің жасақты жауға қамықпай қарсы тұрған жүректілігімен қатар, талай қиын даудың түйінін шешкен әділ билігімен аты шыққан. Елі құрметтеген Мерген би дүние салғанда, оның денесі алты алаш қазақтың қасиетті орны Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне апарып жерлеген [6, 205 б.].

Мешітбай Сүгірұлы – 1660 жылы дүниеге келген. Мешітбай Шақшақ Жәнібектің рухани дем берушісі, батагөй, сәуегейі болған, һәм қолы ашық, жомарт, Жәнібек батырдың жасаған сойыстық мал, мінер ат, тағы басқа қажетті жабдығымен қамтамасыз етіп, атадан қалған иен дәулетін осынау игілікті жолға сарп етеді. Мешітбай 97-ге қараған шағында, 1757 жылы дүние салды. Дүние салысымен ақ жуып арулап, былғарығып тігіп, қарағайдың басына сақтауын, қар кетіп, күн жылығасын, егер ақыретінде тырнақтай дақ болса сол жерге жерлеуін, бірақ тәнінің азбайтындығын айтқан. Сондай жағдайда Түркістандағы Әзірет Сұлтан мешітіне жерлеуін өтінеді [2, 65 б.].

Бекбаулы Өтейұлы – Мендіқара ауданында дүниеге келген. Орта жүздің түменбасы батыры Шақшақпен бірге Бекбаулы да ел басына күн туғанда сол елінің қорғаны болған. Бекбаулы көшпелі елге егін егіп, диқаншылық құруды да үйретіп, осы іске өзі басшы болса керек. Бекбаулы бабамыз қаза жетіп, дүниеден өткен шақта ұрпақтары ол кісіні Түркістандағы Қожа Ахмет Әулиенің кесенесінің іргесіне жерлепті [2, 101 б.].

Әлібек Құдайбердіұлы – арғын руынан шыққан. ол кісі шамамен XVII ғасырдың аяғында туып, XVIII ғасырдың аяғында дүниеден өткен (туған жылы және қайтқан жылы белгісіз). Біздің бабаларымыздың айтуынша, 105 жасқа келіп дүниеден өткен, денесін былғарыға тігіп, өзінің үлкен ұлы Есберді (ол да батыр болған) жолдастарымен Түркістандағы Ахмет Иасауидің кесенесінің жанына жерлеген. Әлібек батыр қазақтың басқа да батырларымен тізе қосып, әйгілі Шақшақ Жәнібекпен бірге жоңғарларға қарсы жорыққа аттанып, елі мен жерінің тәуелсіздігін қорғаған. Абылай ханның әйгілі батырларының бірі болған.

Арғын Құлеке батыр Тәңірбердіұлы – арғын руынан шыққан батыр, тарихи тұлға. Абылай ханның сенімді серігі, елшілік қызмет атқарған. Құлеке батыр қайтыс болғаннан кейін, Шал ақын денесін Әзірет Сұлтан кесенесіне апарып жерлейді.

Қаракесек Жарылқап батыр – 1733-1784 жылдары өмір сүрген арғын тайпасының қаракесек руынан тараған батыр. Жоңғарларға қарсы соғыста өзінің батырлығымен көзге түскен. Қайтыс болғаннан кейін денесін Жәнібек батыр кесенеге апарып жерлеген.

Таңыбай батыр – 1670-1755 жылдар аралығында өмір сүрген. Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен. Орта жүз құрамындағы арғын тайпасынан шыққан батыр.

Арғын Қойлыбай батыр Малайұлы – батырлығымен елге танылған. Қазақ жерін сақтап қалуда, жауды шекарадан асырып қуып шыққан. Ол әжесімен бірге Меккеге қажылыққа барады. Қайтар жолда Қойлыбай көз жұмып, кесенеге қойылады [5, 105 б.].

Еліміз егемендік алғаннан бері небір асыл тұлғаларымыздың аты аталмай, жерленген жерлері анықталмай, тіпті есімдерін айтуға қорқатын халқымыз аңсаған тәуелсіздіктің тұғырына қол жеткіздік. Еліміз еңіреп, жерім деп жүрегін отқа тосқан батыр бабаларын ұмытып, ұрпақ алдында ұятқа қала жаздаған халық едік. Соңғы кездері сол олқылықтың орнын толтырып, өткенімізді ой елегінен өткізіп, санамен саралауға айналғаннан бері өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілгендей болып, жоғалған асылдарымыздың талайы ортаға орала бастады. Сол секілді, киелі Түркістан жерінде тыныстаған бабаларымызды еске алу үшін 2000 жылдың күзінде бүгінгі ұрпақтары сол қалада ас берді [4, 109 б.].

Торғай халқы тектілердің мекені деп тегін айтылмаса керек. Тағдырдың талқысына түсіп, қиындықтың қыспағында қалса да еш мойымай, халқының қамын ойлаған асылдарымыз қаншама. Торғай ежелден-ақ батырлар мен даналардың алтын бесігі іспеттес. Азаттыққа жетудің азапты жолында қазағы үшін жанын құрбан еткен даналар мен батырларымыз осы өңірден аз шыққан жоқ. «Қазақ қауымының ел тәуелсіз болған кездегі

негізгі парызының бірі – елін қорғайтын, жерін қорғайтын перзент тәрбиелеу, баба салтын, ұлтжандылықты, патриотизмді бойына ана сүтімен дарыту болса керек», - деп белгілі тарихшы М. Қ. Қозыбаев жазғандай атадан балаға мирас отансүйгіштік қасиетті дамыта түсу үшін батыр бабаларымыздың өнегілі өмір жолын, елін қорғауда жасаған ерліктерін көпшілікке үнемі насихаттап отырса, нұр үстіне нұр болмақ [6, 59 б.].

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999.
2. Меңдібай С. Тұмарымыз Түркістан, Қостанай – 2013 – 149 б.
3. Есенберлин І. Көшпенділер, - Алматы- 2006 – 365 б.
4. Оразбекұлы Қ. Айқын газеті / Қожа Ахмет Яссауи мен Түркістан – 2009, 19 мамыр.
5. Нұрмухаммедов Н. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясави: Алматы, – 1980 ж. – 252 б.
6. Әлім Қ. Мұңды сапар. Хикаят-сапарнама. «Анатілі», Алматы, – 1997 ж. – 135 б.
7. Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты: Оқу құралы.-Алматы: - «Қазақ университеті», 1992 - 272 б.

## **ЖАЛПЫҚАЗАҚСТАНДЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Жанузаков М.К., «ДШС» мамандығы 4 курс студенті**

**Ғылыми жетекші э.ғ.к. Нурмагамбетова Л.И.**

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ.

Мәдениет-орта ғасырдан бастап орын ала бастағанымен, бүгінгі күнге дейін өз шарықтау шегіне жетпегені бәрімізге белгілі. Мәдениет-халықтың айнасы. Мәдениет көріністерінде жеке тұлғаның ғана емес барша елдің игі дүниелері, әдемілігі, ақылы мен даму сатысының деңгейі айқын көрініп тұрады. Уақыт өткен сайын, мәдениетіміз де тарихымыз бен бірге өзгеріп, бірнеше даму сатыларынан өтті. Тәуелсіздікке қол жеткізгелі Жалпықазақстандық мәдениеттің қандай болуы туралы сауалдардың болуы қалыпты жағдай. Бірнеше жүзжылдықтарға созылған бодандығымыз бен Кенес Одағының құрамындағы езгілер кезінде жоғалған рухани құндылықтар, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, мәдениет сынды тек қазақ халқына тән қасиеттерді дамыту және жаңадан жаңғырту - біздің басты талаптарымыздың бірі болып табылады. Қазақ мәдениетінің тарихы, оның рухани болмысы, бүгінгі мәдени ахуалдағы қарама-қайшылықтар және оның болашағы қай кезде болмасын қоғам назарынан тыс қалмады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” мақаласында міндеттеген тапсырмалардың бірі – “Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет” жобасы. «Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз. Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек. Бұл жоба нені көздейді? Бірінші, отандық мәдениетте БҰҰ-ның алты тілі – ағылшын, орыс, қытай, испан, араб және француз тілдерінде сөйлеуі үшін мақсатты ұстаным болуы шарт. Екінші, ол бүгінгі қазақстандықтар жасаған және жасап жатқан заманауи мәдениет болуға тиіс» [1,б.1], – деп жазды Н.Назарбаев.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында былай дейді: «... жалпықазақстандық мәдениетті дамытуға жаңаша серпін берген жөн. Мәдени саясаттың ұзақ мерзімді тұжырымдамасын әзірлеу қажет. Онда қазақстандықтардың бәсекеге қабілетті мәдени ментальдігін қалыптастыруға, заманауи мәдениет кластерлерін дамытуға бағытталған шаралар белгілеу керек» [2,б.3-4]. Шынымен де, бүгінгі таңда, еліміздің алдында мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылуы тиіс жаңа міндеттер тұр: ұлттық мәдениет негізін құрайтын құндылықтарды қайтару, ұлттық тіл мен дәстүрді қайта жаңғырту, тарихи шындықты қалпына келтіру, тарихи сананы қалыптастыру арқылы мәңгірттік жағдайдан